

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ**

**2019 ЖЫЛҒЫ 8 МАМЫРДАҒЫ**

**ҚАУЛЫСЫ**

1. «Рухани жаңғыру» жоба кеңсесінің жетекшісі *Б.Д.Иманбердиевтің* «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы Абай атындағы ҚазҰПУ Жобалық кеңсесінің жұмысы туралы» есебін тыңдап, талқылай келе **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

<b>№</b>	<b>Тапсырма</b>	<b>Орындаушы</b>	<b>Мерзімі</b>
<b>1</b>	«Рухани жаңғыру» жоба кеңсесінің жетекшісі Б. Д. Иманбердиевтің ««Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы Абай атындағы ҚазҰПУ Жобалық кеңсесінің жұмысы туралы» есебі - назарға алынсын.		
<b>2</b>	2019/2020 оқу жылының оқу жоспарына "Community service"(қоғамға қызмет ету), (служение обществу) пәнін 2 кредит көлемінде енгізу туралы ұсыныс дайындау жүктелсін.	Білім бағдарламаларын жобалау департамент директоры <i>А.М.Байдильдина</i>	<i>сәуір-маусым 2019 ж</i>
<b>3</b>	Ашық университет платформасын пайдаланушылар санын арттыру (жаппай ашық онлайн курстар) жүктелсін.	<i>Институт директорлары Кафедра меңгерушілері</i>	<i>мамыр-тамыз 2019 ж</i>
<b>4</b>	Жастар кәсіпкерлігін дамыту бағыты бойынша білім алушылар арасында ақпарат жұмыстары жүргізілсін.	Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаменті директоры <i>Е.Д.Құрмашев</i>	<i>мамыр-маусым 2019 ж</i>
<b>5</b>	Студенттер арасында зияткерлік конкурстар, викториналар, дебаттар өткізілуі жалғастырылсын.	<i>Институт директорлары</i> Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаменті директоры <i>Е.Д.Құрмашев</i>	<i>мамыр-маусым 2019 ж</i>
<b>6</b>	"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-патриотизмнің жаңа түрі" тақырыбында іс-шаралар өткізу жоспарлансын.	<i>Институт директорлары</i>	<i>мамыр-маусым 2019 ж</i>
<b>7</b>	Мемлекеттік тілге аударылған 30 жаңа оқулықты кітапхана қорына алып, жаңа оқу жылында тиісті оқу бағдарламаларында қолданылсын.	Ғылыми кітапхана директоры <i>Н.Ж.Имансыдықова</i> Білім бағдарламаларын жобалау департамент директоры <i>А.М.Байдильдина</i>	<i>мамыр-қыркүйек 2019ж</i>
<b>8</b>	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бағытындағы орталықтармен жасалынатын жұмыстар жүйелі түрде жоспарлансын.	«Рухани жаңғыру» жоба кеңсесінің жетекшісі <i>Б.Д. Иманбердиев</i>	<i>үнемі</i>
<b>8.1</b>	2020 жылы Абайдың 175 жылдығына орай жастарға ұлы тұлғаның ой-толғамдарын кеңінен дәріптеу мақсатында ұйымдастырылатын ғылыми жобаларға орталықтардың қатысуы		<i>30.10.2019</i>

2. **Институт директоры Б.Әбдіғазизұлының** «Филология және көптілді білім беру институтының оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстарының жағдайы, даму болашағы туралы» есебін тыңдап, талқылай келе **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

<b>№</b>	<b>Тапсырма</b>	<b>Орындаушы</b>	<b>Мерзімі</b>
<b>1</b>	Филология және көптілді білім беру институтының оқу-әдістемелік, ғылыми зерттеу және тәрбие жұмыстарының жағдайы қанағаттанарлық деп танылсын.		
<b>2</b>	Институттағы білім бағдарламаларын Қазақстан жоғары	Институт директоры <i>Б.Әбдіғазизұлы</i>	<i>30.05.2019</i>

	оқу орындары арасындағы Ұлттық рейтингі қызметінің негізгі аспектілеріне және білім берудің сапасын арттыру бағытындағы талаптарына сәйкес жоғары деңгейге көтеру жұмыстарының жоспары дайындалсын.	<i>Кафедра меңгерушілері</i>	
3	Институттағы шетел тілдері мамандарының сапалық деңгейін көтеру мақсатында сертификаты (IELTS, TOEFL) бар оқытушыларды жұмысқа қабылдау туралы ұсыныс дайындалсын.	<i>Институт директоры Б.Әбдіғазизұлы Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының меңгерушісі К.И.Мирзоев Шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі Ж.Ә. Әбуов</i>	30.06.2019
3.1	Институттың көптілді білім беру бағытын дамыту жұмыстары бойынша ұсыныстар дайындалсын.		30.06.2019
3.2	Қосдипломды бағдарлама бойынша шетелдік жоғары оқу орындармен байланыстар орнатылсын.		
3.3	Шетелдік студенттерді тарту жұмыстарын жақсарту мақсатында шығыс филологиясы және аударма кафедрасы мен шетел тілдері кафедралары арнайы жоспар дайындасын		30.08.2019
4	Латын графикасындағы қазақ әліпбиін оқытудың және оған қажетті оқу-әдістемелік құралдар әзірлеудің кешенді жоспары дайындалсын.	<i>Институт директоры Б.Әбдіғазизұлы Кафедра меңгерушісі Қ.Есенова</i>	30.05.2019
5	Институт кафедраларына ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін, оқытудың жаңа әдістемелері мен технологияларын оқу үдерісіне енгізу тапсырылсын.	<i>Институт директоры Б.Әбдіғазизұлы Кафедра меңгерушілері</i>	үнемі
6	Тілдерді оқыту әдістемесі пәндерінің практикалық сабақтарын кафедра филиалдарында өткізу қолданысқа енгізілсін.	<i>Институт директоры Б.Әбдіғазизұлы Кафедра меңгерушілері</i>	үнемі
7	2019-2020 оқу жылына бакалавриат мамандықтары бойынша қашықтықтан оқытудың білім бағдарламаларына оқу-әдістемелік кешендері, оқу материалдары дайындалып, біліктілікті жетілдіру және қашықтан оқыту орталығына өткізу жұмыстары жүргізілсін.	<i>Институт директоры Б.Әбдіғазизұлы Кафедра меңгерушілері</i>	30.07.2019
8	Университеттің 2018-2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарына сәйкес жұмыс берушілерді қатыстыра отырып, ХХІ ғасыр мұғалімін дайындаудың келешегі бар біліктілікті қамтамасыз ететін жаңа білім бағдарламаларын әзірлеу қамтамасыз етілсін.		30.10.2019
9	Университетте өзге тілді білім алушыларға қазақ тілінде еркін сөйлеуді меңгерту бағытында жасалынатын жұмыстардың жоспары дайындалсын.	<i>Институт директоры Б.Әбдіғазизұлы Кафедра меңгерушісі Қ.Есенова</i>	30.08.2019

3. Кәсіби бағдар және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры *Н.Әуесбекұлының* «2019/2020 оқу жылына білім бағдарламалар тізімін және білім алушылардың оқу төлемақысын бекіту туралы» ақпаратын **тыңдай отырып, ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Кәсіби бағдар және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры <i>Н.Әуесбекұлының</i> «2019/2020 оқу жылына білім бағдарламалар тізімін және білім алушылардың оқу төлемақысын бекіту туралы» ақпараты - <i>назарға алынсын.</i>		
2	2019/2020 оқу жылына білім алушылардың оқу төлемақысы - <i>бекітілсін.</i>	<i>Кәсіби бағдар және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлы Қаржы-экономикалық департаментінің бас бухгалтері Т.С.Сапарбаева</i>	
3	Абай атындағы ҚазҰПУ-дің 2019/2020 оқу жылына білім бағдарламалар тізімі - <i>бекітілсін.</i>	<i>Кәсіби бағдар және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлы Білім бағдарламаларын жобалау департаментінің директоры А.М.Байдильдина</i>	

4. Ғылым департаментінің директоры *С.Қ.Сахиевтың* «Диссертациялық кеңестердің құрамын бекіту» туралы есебін тыңдай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Ғылым департаментінің директоры <i>С.Қ.Сахиевтың</i> «Диссертациялық кеңестердің құрамын бекіту» туралы есебі – <i>назарға алынсын.</i>		
2	<p>1. 6D010000-Білім беру (Педагогикалық - психологиялық ғылымдар) Диссертациялық кеңесінің құрамы 1-ші қосымшаға сәйкес бекітілсін.</p> <p>2. 6D010000- Білім беру (Дефектология) Диссертациялық кеңесінің 1. 6D010500 – «Дефектология» мамандығы бойынша құрамы 2-ші қосымшаға сәйкес бекітілсін;</p> <p>3. 6D010000- Білім беру (География) Диссертациялық кеңесінің 1. 6D011600 – «География» мамандығы құрамы 3-ші қосымшаға сәйкес бекітілсін;</p> <p>4. 6D010000- Білім беру (Химия) Диссертациялық кеңесінің 1. 6D011200 – «Химия» мамандығы бойынша құрамы 4-ші қосымшаға сәйкес бекітілсін;</p> <p>5. 6D010000- Білім беру (Биология) Диссертациялық кеңесін 1. 6D011300 – «Биология» мамандығы бойынша құрамы 5-ші қосымшаға сәйкес бекітілсін;</p> <p>6. 6D010000- Білім беру (Математика) Диссертациялық кеңесінің 1. 6D010900 – «Математика» мамандығы бойынша құрамы 6-шы қосымшаға сәйкес бекітілсін;</p> <p>7. 6D010000- Білім беру (Орыс тілі мен әдебиеті) Диссертациялық кеңесінің 1. 6D011800 – «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша құрамы 7-ші қосымшаға сәйкес бекітілсін;</p> <p>8. 6D010000- Білім беру (Қазақ тілі мен әдебиеті) Диссертациялық кеңесін 1. 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 8-ші қосымшаға сәйкес бекітілсін;</p> <p>9. Білім беру және жаратылыстану ғылымдар бойынша Диссертациялық кеңесінің 1. 6D011100 – «Информатика», 2. 6D060200 – «Информатика» мамандықтар тобы бойынша 9-шы қосымшаға сәйкес бекітілсін;</p> <p>10. Білім беру және жаратылыстану ғылымдар бойынша Диссертациялық кеңесінің 1. 6D011000 – «Физика», 2. 6D060400 – «Физика» мамандықтар тобы бойынша құрамы 10-шы қосымшаға сәйкес бекітілсін;</p> <p>11. Білім беру және гуманитарлық ғылымдар бойынша Диссертациялық кеңесінің 1. 6D011400 – «Тарих», 2. 6D020300 – «Тарих»</p>		

	мамандықтар тобы бойынша құрамы 11-ші қосымшаға сәйкес бекітілсін; <b>12. Гуманитарлық ғылымдар бойынша</b> Диссертациялық кеңесінің 1. 6D0205000 – «Филология», 2. 6D0201400 – «Әдебиеттану» мамандықтар тобы бойынша құрамы 12-ші қосымшаға сәйкес бекітілсін; <b>13. Гуманитарлық ғылымдар бойынша</b> Диссертациялық кеңесінің 6D021300 – «Лингвистика» мамандығы бойынша құрамы 13-ші қосымшаға сәйкес бекітілсін.
--	---

5. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры *Х.Н.Жанбековтың* "2018/2019 оқу жылына арналған академиялық күнтізбеге өзгерістер енгізу туралы» баяндамасын тындап және талқылап, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	2018/2019 оқу жылына Академиялық күнтізбеге өзгерістер енгізу және аралық бақылаудың ұзақтығын 2019 жылдың 22-ші сәуірінен 4-ші мамырына дейін, ал емтихан сессиясының ұзақтығын 2019 жылдың 13-ші мамырынан 10-шы маусымына дейін ұзарту жүктелсін.	Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры <i>Х.Н.Жанбеков</i>	
2	Қабылданған шешімге байланысты 2018/2019 оқу жылындағы академиялық күнтізбеге енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты білім алушылар мен ОПК-қа түсіндіру мақсатында кездесу ұйымдастыру жүктелсін.	<i>Университет проректорлары мен институттар директорлары</i>	

VI. Осы шешімдердің орындалуын қадағалау бірінші проректор *М.А.Бектемесовке* жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



*Handwritten signatures in blue ink, likely belonging to the council members mentioned in the text.*

Т. Балықбаев

Ж. Сейсенбаева